

ПАНДЕМИЯ СПОСОБСТВОВАЛА РОСТУ ОБЪЕМОВ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫХ ПЕРЕВОЗОК МЕСТАМИ БОЛЕЕ ЧЕМ НА 60% В ПРОШЛОМ ГОДУ. ЭТА ТЕНДЕНЦИЯ ЧЕТКО ПРОДЕМОНСТРИРОВАЛА, ЧТО СЕГОДНЯ ДЛЯ ДОСТИЖЕНИЯ ОБЩЕЙ ЦЕЛИ НАМ НЕОБХОДИМО ОБЪЕДИНИТЬ УСИЛИЯ И ОБРАТИТЬ ВНИМАНИЕ НЕ СТОЛЬКО НА СКОРОСТЬ ДВИЖЕНИЯ ПОЕЗДОВ, СКОЛЬКО НА СОБЛЮДЕНИЕ ГРАФИКА ИХ ДВИЖЕНИЯ, РАСШИРЕНИЕ УЗКИХ ПОГРАНИЧНЫХ ПЕРЕХОДОВ И ИХ ДИВЕРСИФИКАЦИЮ.

Алексей ГРОМ,
генеральный директор ОТЛК ЕРА



№20 (2628)
13/04/2021

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

САНДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ МҮМКІНДІГІ МОЛ

Қазақстан темір жолы өндіріске цифрлық технологияны енгізуде үлкен нәтижелерге қол жеткізуде. Цифрлық трансформация арқылы интернетке тәуелсіз жұмыс жасап тұрған Ақтөбедегі пойыздар қозғалысын басқару орталығы – осының айқын дәлелі. Жаңа заман технологияларын пайдаланып отырған орталық қызметкерлері пилоттық жобаның жетістіктері мен жемісін сөз етеді.

Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау және Қызылорда облыстарындағы пойыздар қозғалысын басқаруды бір жерден ұйымдастырып отырған орталық жұмысы бүгінде бір ізге қойылып, толыққанды жұмыс істеп жатыр. Орталық заманауи технологияның ең соңғы жетістіктерімен жабдықталған. Диспетчерлер қиындық-кедергілер түгел жойылып, бұрын-соңды болмаған жетістіктерге қол жеткізгендерін жарыса баяндайды.

«Рас, мүмкін емес жетістіктерге қол жеткіздік. Бұрын пойыздардың қозғалысы туралы мәліметтерді екінші диспетчерге қоңырау шалу арқылы білетін едік. Қазір


барлығы көз алдымызда. Тепловождардың қозғалысы, олардың қай жерде тұрғанын алдымыздағы экраннан, компьютерлер арқылы көріп отырымыз. Қозғалысты басқару айтарлықтай жеңілдеді. Техникалық мүмкіндіктер шексіз... Ақпараттық заманда жылдам мәлімет алмасу мен қолжетімділіктің көз ілеспес шапшаңдығы еріксіз таң қалдырады, мұндай жағдайда жұмыс істеудің өзі адамға ләззат сыйлайды. Осындай жобаны қолға алып, бізге жағдай жасаған компания басшыларына алғысымыз шексіз», – дейді Қызылорда бөлімшесі бойынша кезекші диспетчер Мұхтар Керімбаев.

Теміржол саласының соңғы жылдары автоматтандыруға жасаған қадамы аз емес, дегенмен аймақтарда ашылатын диспетчерлік орталықтардың жөні бөлек. Тасымалдау процесін айтарлықтай жеңілдетумен қатар, пойыздар қозғалысында қауіпсіздік пен жылдамдықты арттырып, уақыт үнемдеуге жол ашатын жаңа жоба, сонымен қатар адам факторына қатысты қателіктерді жоюды деген сенім бар. Диагностикалық комплекс, IT система ішкі тасымалдау процесін қағазсыз жүргізу заманауи талапқа сай жұмыс істеуге толықтай мүмкіндік беріп отыр. «Сандық технологияның мүмкіндігі

мол екенін көзімізбен көріп отырымыз. Бүкіл пойыздар қозғалысы алдымызда тұр. Қай жолда тұрғаны, қанша жол бар екендігі барлығы алақандағыдай айқын. Бос емес жолдарды да өзіміз көріп отырамыз. Мұндай жағдайда жұмыс істеудің өзі бір ғанибет екен», – дейді Орал бөлімшесінің пойыз диспетчері Данияр Айгелдиев.

Орталық диспетчерлері бізге пойыздардың жақындауы, бағытталмауы бұрмалардың, бағдарламалардың көрсеткіштерін қалай бақылайтынын көрсетіп, автоматтандырылған процесті жан-жақты түсіндірді.

Суретті түсірген автор



БОЛЬШЕ КОНТЕЙНЕРОВ



Объем перевозок совместного предприятия железных дорог Казахстана, России и Беларуси – АО «ОТЛК ЕРА» – в I квартале 2021 года вырос более чем в два раза.

За три месяца с начала года по маршруту Китай – Европа – Китай на транзитных сервисах ОТЛК ЕРА перевезено 154,9 тысячи ДФЭ, что на 105% превышает показатель за аналогичный период 2020 года, когда было перевезено 75,7 тысячи ДФЭ.

При этом на 113% выросли контейнерные перевозки в направлении Китая – в первом квартале 2021 года они достигли 62,7 тысячи ДФЭ. В направлении Европы за этот период проследовало 92,2 тысячи ДФЭ, рост – на 99%.

Существенное развитие получила отправка грузов на маршруте Китай – Европа через порты и терминалы Калининградской области. В январе-марте объемы перевозок выросли в 11 раз – до 24,6 тысячи ДФЭ (2,2 тыс. ДФЭ годом ранее).

На рост показателей повлияло и то, что с начала 2021 года АО «ОТЛК ЕРА» совместно с клиентами и партнерами запущены новые сервисы по доставке грузов из провинции Китая.

Любовь РОББА, Нур-Султан

ПОЙЫЗ ҚАТЫНАЙДЫ



Қазақстанның батыс қақпасы саналатын Құрманғазы ауданы Ресейдің Астрахань облысымен шектеседі. Облыс орталығынан 300 шақырымдай қашықта орналасқан ауданға теміржол қатынасын жолға қою шешімін тапты деуге болады.

Жуырда облыстық мәслихат сессиясында осы мәселе қаралды. Облыстық жолаушылар тасымалы және автомобиль жолдары басқармасының басшысы облыс орталығын Құрманғазы ауданымен жалғайтын темір жол маршрутын ашудың ауадай қажеттілігін айтты. «60 мың тұрғыны бар Құрманғазы және 30 мың тұрғыны бар Исатай аудандарының халқы облыс орталығына қатынаудың қиындығын көріп отыр. Халықаралық пойыздар тоқтап тұрғанын, автожолдың жөндеуі жатқанын ескеріп, Атырау – Д.Нұрпейсова станциясы бағытында жаңадан қатынайтын пойыз ашуды ұсынамын» деді ол.

Қазіргі таңда пойыз эксперименталды кезеңнен толық өткен. Атырау магистральдық желі бөлімшесінің директоры Елеубай Сапаровтың айтуынша, Атырау облыстық әкімдігі және Қазақстан темір жолы компаниясының бастамасымен іске қосылған жоба бойынша қазіргі таңда келісім-шарттарға қол қою күтілуде және Құрманғазы, Исатай аудандарының мәслихат депутаттарымен пойыз кестесі де келісілген. Пойыз Атырау станциясынан 18:00 сағатта шығып, Дина Нұрпейсова станциясына 01:00-де жетеді. Яғни, аралық жүру уақыты 7 сағат. Ал кейін қарай түнгі 02:00-де шығып, таңғы 09:00-де Атырау станциясына келеді. Айта кетерлігі, Д.Нұрпейсова станциясы аудан орталығындағы Ганюшкино станциясынан да әрі, яғни жолаушыларға тиімділігі басым және пойыз жолдағы барлық станциялар мен разъездерге тоқтайды. Жол жүру ақысына келсек, плацкарт вагон Аққыстау станциясына дейін – 218 теңге, Исатай станциясына – 464, ал ақырғы Д.Нұрпейсова станциясына 1200 теңге шамасында болмақ. Пойыз құрамында үш вагон болып, ол кун сайын қатынайды деп жоспарлануда.

Қосұым МҰҚАШЕВ,

Атырау облысы

ЦИФРЫ ГОВОРЯТ

ЗА I КВАРТАЛ 2021 ГОДА ЧЕРЕЗ МОРСКОЙ ПОРТ АКТАУ ПЕРЕВЕЗЕНО

908 ТЫСЯЧ
ТОНН

ГРУЗОВ

С НАЧАЛА ГОДА АО «КТЗ EXPRESS» ОРГАНИЗОВАЛО ОТПРАВКУ

8

КОНТЕЙНЕРНЫХ ПОЕЗДОВ ПО МАРШРУТУ УРУМЧИ – НЕАПОЛЬ

РЕАЛИЗАЦИЯ ПРОЕКТА «АВТОМАТИЗИРОВАННАЯ СИСТЕМА КОММЕРЧЕСКОГО УЧЕТА ЭЛЕКТРИЧЕСКОЙ ЭНЕРГИИ» ПОЗВОЛИЛА АО «НК «ҚТЖ» ПО ИТОГАМ 2020 ГОДА ПОЛУЧИТЬ БОЛЕЕ

8,2 МЛРД
ТЕНГЕ

КОСВЕННЫХ ВЫГОД

Сотрудничество


В ОСНОВЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ – СТАНДАРТЫ

Итоги работы за 2020 год и планы на перспективу обсудили в ходе очередного онлайн-заседания Технического комитета по стандартизации (ТК 40) «Железнодорожный транспорт».

Роман ЛЮБИМОВ,
Нур-Султан

В мероприятии приняли участие представители АО «НК «Қазақстан темір жолы», РГП «Қазақстан институт стандартизации и метрологии», а также отечественные производители железнодорожной продукции.

Председатель ТК 40 – главный инженер АО «НК «ҚТЖ» Батыр Котырев в своем выступлении отметил вклад каждого технического эксперта – специалиста структурного подразделения и дочерней организации АО «НК «ҚТЖ» в деятельность Технического комитета. Особо отличившихся поощрили благодарственными письмами.



В свою очередь, заместитель генерального директора РГП «Қазақстан институт стандартизации и метрологии» Сергей Радаев поблагодарил команду ТК 40 за проведенную работу по актуализации 283 национальных стандартов Казахстана в области железнодорожного транспорта в рамках реализации Закона РК «О стандартизации», а также за мониторинг межгосударственных стандартов, необходимых для введения на территории нашей страны.

Участники заседания также обсудили приоритетные задачи ТК 40 на 2021 год, в том числе планы по разработке национальных и межгосударственных стандартов на верхнее строение

пути и ремонт с продлением назначенного срока службы подвижного состава.

Кроме того, в ходе онлайн-встречи отмечалось, что в октябре текущего года в столице Казахстана планируется провести семинар на тему «Международное железнодорожное решение для региональной совместности» в рамках работ Международного союза железных дорог (МСЖД) с участием членов UIC APRA, национальных/региональных организаций (ЕС, ЕАЭС, АСЕАН, ОСЖД), а также межгосударственного технического комитета по стандартизации МТК 524 «Железнодорожный транспорт», НП ОПЖТ и других.

Фото Александра ЖАБЧУКА



ТРАНЗИТ ЧЕРЕЗ РАННЕЕ ОБНОВЛЕННЫЕ И ПОСТРОЕННЫЕ В РАМКАХ НОВОЙ ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ПОЛИТИКИ «НҮРЛЫ ЖОЛ» ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫЕ КОРИДОРЫ ПОМОГАЕТ ГОСУДАРСТВУ ПОЛУЧАТЬ ЗНАЧИТЕЛЬНЫЕ ДОХОДЫ. В 2020 ГОДУ ЧЕРЕЗ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНЫЕ СТАНЦИИ ДОСТЫК – АЛАШАҢКОУ И АЛТЫНКОЛЬ – ХОРГОС, РАСПОЛОЖЕННЫЕ НА КАЗАХСТАНКО-КИТАЙСКОЙ ГРАНИЦЕ, БЫЛО ПЕРЕВЕЗЕНО БОЛЕЕ 20 МИЛЛИОНОВ ТОНН ГРУЗОВ

Шахрат НУРЫШЕВ,
первый заместитель
министра иностранных
дел РК

Финансово-экономические показатели программы «ЦИФРОВАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ» АО «НК «ҚТЖ» ЗА 2020 ГОД

26,242
ФАКТ

25,237
ПЛАН

ФИНАНСОВЫЕ ВЫГОДЫ

6,251
ФАКТ

11,267
ПЛАН

ЗАТРАТЫ

19,991
ФАКТ

13,970
ПЛАН

ЧИСТЫЕ ВЫГОДЫ



МЛН. ТЕНГЕ

СӘУІР БОЛМАЙ, ТӘУІР БОЛМАС...

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Нұр-Сұлтан



Сәуірдің келуімен алты ай қыс қармен күресіп, боранмен арпалысқан Арқа өңіріндегі Ақмола жүк тасымалы бөлімшесінің теміржолшылары мойындарынан бір ауыр жүк түскендей жеңіл тыныстады.

Ақмола жүк тасымалы бөлімшесінің директоры Айнабек Жұкашев жетекшілік еткен штаб күніне екі рет, ал кейбір тәулікте күніне үш рет тұрақты пайдалану жұмысын қамтамасыз ету үшін жедел шаралар қабылдауға мәжбүр болды. Дегенмен, бөлімшенің күн тәртібінде Директорлар Кеңесі белгілеген жоспарлы-экономикалық көрсеткіштерді орындау алдыңғы орында тұрды. Қазір бірінші тоқсан жұмысы қорытындысы бойынша Ақмола ЖТ бөлімшесі ұжымының атқарған жұмысы «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС тарапынан жоғары бағаланып, әділ бағасын алды. Әсіресе, бөлімшенің локомотив паркін пайдаланудағы жетістігі бір төбе. Локомотивтің орта тәуліктегі өнімділігінің үш ай қорытындысы бойынша 102,5%, ал өткен жыл көрсеткішінен 103,3% орындалған. Сондай-ақ, локомотивтің орта тәуліктегі жүрісі 101,6%, ал былтырғыға қарағанда 103,8%-ді құрады. Бұл көрсеткіштер орындалып қана қоймай, өткен жылға қарағанда едәуір жақсара түскен екен.

— Біз локомотив паркін аз қолдана отырып, үлкен көлемде жүк тасымалдау арқылы Компанияның жалпы кірісіне елеулі үлес қосып отырмыз. Пайдалану жұмыстарын ұйымдастыру барысында ақмолалық теміржолшылар үшін басымдыққа ие басқарушы құжат ретінде Бизнесі трансформациялау бойынша ТОП 10 жобаны жүзеге асыру бойынша Жол картасы және «ҚТЖ-Жүк тасымалы» ЖШС-ның ТОП 20 маңызды міндет болып табылады. Бастапқы жобалар – локомотивтерге қызмет көрсетудің ұзартылған иіндері, маневрлік жұмыстың тиімділігін арттыру бойынша жұмыстардың мақсаты, қолданыстағы маневрлік тепловоздардың санын олардың пайдалы жүктелу деңгейін арттыру есебінен азайту болып табылады. Және де бұл шаруалар күн сайын Ақмола ЖТ бөлімшесі директорының бірінші орынбасары Н.Жөнізов тарапынан қаралып, бақылауға алынған, – дейді бөлімшенің локомотив шаруашылығына жауапты маман Мұхтар Балжоженов.

Контейнерлік тасымалдардың маршруттық жылдамдығын арттыру – компания басшылығының теміржолшылар алдына қойып отырған маңызды міндеттерінің бірі. Бүгінгі таңда ақмолалық теміржолшылар бұл міндетті абыроймен атқарып келеді. Бөлімше басымдық беріп отырған келесі мәселе, компанияның кірісін арттыру болып отыр. Жалпы, Ақмола жүк тасымалы бөлімшесінде бұл мәселеге қатысты әзірленген барлық негізгі іс-шаралар бекітілген жоспар-кестеге сәйкес орындалды.

ШЫҒЫС ПЕН КІРІС

Жан ПЕРДЕБЕК,
Шымкент



Шымкент магистральдық желі бөлімшесі бойынша өткен жылы негізгі қызмет шығыстарының бюджеттік орындалуы жоспар бойынша 10 млрд 364,3 млн теңге болды, ал іс жүзінде 10 млрд 171,5 млн теңге сомасына салықтар салынған шығыстарды игерді.

Яғни жоспарлы көрсеткіштің орындалуы 98,1% құрады. Жол шаруашылығы бойынша жүктерді өткізу көлемі жоспар бойынша 20 220,678 млн тонна км брутто, нақты 20 047,765 млн тонна км брутто құрап, 99,1%-ға орындалды.

Сигнализация және байланыс шаруашылығында жоспар бойынша 669,06 техникалық бірлік, нақтысы 669,06 техникалық бірлікті құрап, 100% орындалды.

Электрмен жабдықтау шаруашылығында 9351,337 техникалық бірлік жоспары 9351,337 техникалық бірлікті құрап, 100% орындалды. НЖС-9 бойынша ПВД кірістері жоспарда 288,4 млн теңге, нақты есепті кезеңде 295,4 млн теңгеге немесе 102,4%-ға, яғни 7 млн теңге сомасына асыра орындалды.

Қызметкерлерге еңбекке жарамсыздық парақтарын төлеу және 21 қызметкер штабын ұстауға байланысты төмендеген. Ал әлеуметтік аударымдар жоспары бойынша 574,7 млн теңге, орындалғаны 630,8 млн теңгеге жетті. Артығымен орындалған көрсеткіш 56,1 млн теңгін құрады.

ЖҮК АЙНАЛЫМЫ НЕГЕ АЗАЙДЫ?



Атырау жүк тасымалы бөлімшесі бойынша биылғы жылдың алғашқы тоқсанында тасымал көлемі әдеттегіден аса көп кеміген жоқ, дегенмен біраз көрсеткіштер жүз пайыздық межеге жетпей қалды. Оған ең алдымен жер бетін шарпыған індеттің әсері бары анық.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Әсіресе ол еларалық экономикалық қарым-қатынасқа ықпалын тигізді. Соның салдарынан экономиканың негізгі бөлігін құрайтын өндіретін мұнай өнімдерін өндіру, оны тасымалдау көлемі, құрылыс материалдары мен халық тұтынатын, басқа да тауарлар тасымалы да қалыпты деңгейді тұрақтай алмағанын айта кеткен жөн. Соның ішінде ресурстарына қарағанда мұнай өнімдеріне деген тапсырыс бұрынғыға қарағанда төмен болғанын көреміз. Оған пандемиямен қатар нарықтағы ауқымды дағдарыс, мұнай бағасының тұрақсыздығы, өнімнің болмауы және сатып алушылардың төлемқабілетсіздігі де себеп.

Теміржолда тасымал ауқымы ай сайын жоспарланып, ол әр күнге есептеліп отыратынын ескерсек, бөлімшеде Директорлар кеңесінің жоспары бойынша пайдаланым жүк айналымы өткен жылы 87,9, ал техникалық жоспарға сай 97,7%-ті құраған. Үш айға белгіленген жүк айналымы жоспары 2506 млн тмтмт болса, орындалғаны – 2203,1 млн тмтмт. Межеден көрінген 6 көрсеткішке сөйкес, вагонның орташа статистикалық салмағы – 100,2, тиелген вагонның динамикалық салмағы – 100,7%, жүк вагондарының тиелген вагондарға шаққандағы жүрісі – 100,1, пойыздың орташа салмағы – 101,5%, локомотив өнімділігі – 107,8%, локомотив жүрісі 101,6% болды.

Жоспар бойынша кейбір көрсеткіштердің межеден төмен болуының өз себептері бар. Алдымен оған орташа жүк тиеудің және тиелген жүк вагондарының кемуі, транзиттік тасымалдың азаюы себеп. Ал жүк тиеудің кемуіне әсер еткен жағдайларға келсек, «Теңізшевройл» ЖШС тарапынан Құлсары станциясынан экспорттық бағыттағы 1367 вагон/47845 тонна пропан-бутан, 423 вагон/28341 тонна химикатты сатып алушының төлемқабілетсіздігінен тиеуден бас тартуы, сондай-ақ түйіршіктелген күкірт өндіру зауытының 20-31 қаңтарда жоспарлы жөндеуге тұруы және күкіртті тиеуге конвенциялық тыйым қойылуы

жүк тиеу көлемін айтарлықтай төмендетті.

Атырау мұнай өңдеу зауытының 10 қаңтар мен 5 ақпан аралығында бірқатар технологиялық қондырғыларының жөндеуге тұруы, осы мерзімде АО «KEGOC» желісінде электрожабдықтау бойынша бүкіл облыста дерлік қайта-қайта жарықтың сөнуі жүк тиеу көлемін азайтып жіберді. Зауыт тұрғасын, өнім де шықпайды, сонымен қатар мұнай бағасының түсуіне байланысты әлемдік нарықтағы жаһандық дағдарыс мұнай өнімдерін алудан бас тарту да өз әсерін береді. Соның салдарынан Теңіз станциясынан ашық түсті мұнай өнімдерін тиеуші «Батыс Транс Групп» ЖШС жүктері азайған. Тиелген вагондар аз болған сайын, жүк айналымы да кемиді. 1367 вагон/82020 тонна мұнай өнімдері, 394 вагон/23640 тонна химикат өнімнің болмауы және сатып алушылардың төлем



қабілетсіздігінің де әсері болды. Сондай-ақ, осы станция бойынша өнімнің жоқтығынан «Парк храненияе сжиженного газа» ЖШС-ның 222 вагон/7770 т сұйытылған газдан бас тартуы да жүк айналымына ықпалын тигізді.

Жүкжөнетушілердің жүктен бас тартуы да тасымалға тікелей әсер етіп отыр. Мәселен, «Теңізшевройл» ЖШС Құлсары станциясынан 1367 вагон/47845 тонна сұйытылған газ бен пропан-бутан, 423 вагон/28341 тонна химикатты жіберуден бас тартса, Тәжік теміржолы, Донецк теміржолы бағытында жөнелтілетін мұнай өнімдері келісілмеген. Қытайға жөнелтілетін кокс, пропан жүктерін түсіруге конвенциялық тыйым қойылғаны, Қытай аумағында тастанды пойыздардың жиналып қалуы және Ортаазиялық темір жол арқылы өтетін кейбір жүктердің шектелуі де жалпы жүк тиеу көлеміне әсер етпей қоймайды. Атырау жүк тасымалы бөлімшесі өндірістік-техникалық бөлім мамандарының айтуынша, сонымен қатар өткен мерзімде транзитті тасымал көлемінің кемуі де байқалады. Бөлімшесімен бұрынғыға қарағанда тәулігіне екі пойызға – Қиғаш түйіспесінен 1 пойыз, Құлсарыдан тәулігіне 1 пойыз кем қабылдануда.

Суретті түсірген автор

Көктемгі байқау



Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесінде шаруашылықтарды көктемгі комиссиялық тексеру жалғасуда. Наурыз айында басталған комиссиялық байқау мәресіне жетуге таяу.

МӘРЕГЕ ЖЕТУГЕ ТАЯУ

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау

Көктемгі байқауды өңірлік деңгейдегі жүк тасымалы, магистральдық желі бөлімшелерінің басшылары, ревизорлық құрам және басқарудың желілік деңгейіндегі бірінші басшылары жүргізуде. Олар инфрақұрылым нысандарының, жылжымалы құрамның, өндірістік-техникалық объектілердің, техникалық құралдардың және еңбекті қорғаудың ағымдағы жай-күйін, қозғалыс қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі жағдайларын тексеріп қарауда. Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесінің директоры Нәжімеден Ғұбашовтың айтуынша, осыған байланысты бөлімшеде 18 ақпанда арнайы бұйрық шығарылып, комиссия құрамы мен тексеру кестесі бекітілген.

— Бүгінде біз бөлімшені 90%-ға жуық, Бейнеу және Маңғыстау ірі темір жол тораптарына жақын барлық учаскелерін тексердік. Келесі аптада Құрық портында және оған іргелес бекеттерде болып, жұмысты жалғастырамыз. Жоспарға сәйкес сәуір айының басында аяқтауды межелеп отырмыз. Содан соң анықталған

ескертулер бойынша жүйелік талдау жүргізіп, оларды жою бойынша нақты шаралар қабылдаймыз. Көрсетілген тексеру қорытындысы бойынша атқарылған кешенді жұмыс туралы толық есеп 16 сәуірге дайындалады. Қазір шаруашылықтар ғимараттар мен құрылыстарды әктеу-сырлау, аумақтарды абаттандыру, техникалық құралдарды техникалық пайдалану ережелерінің нормаларына сәйкес келтіру бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде, – дейді комиссия төрағасы, Маңғыстау жүк тасымалы бөлімшесі директоры Нәжімеден Ғұбашов.

Айта кетейік, тексеріс жылдағы әдетінше Болашақ станциясынан басталып, бүгінге дейін Маңғыстау станциясына дейінгі станция бекеттерді қамтыды.

— Тексеріске әдеттегіше алдын ала қамданып, сенбіліктер ұйымдастырдық. Айналаны ақтап, сырлап, ағаш, жасыл желектерге күтім жасадық. Жөндеу жүргіздік. Жұмыс орындарын дайындап, ретке келтірдік. Нәтижесінде келген комиссия жақсы деп бағалап кетті, бірақ әлі қорытынды шыққан жоқ. Жөндеу, тазалық жағынан оң баға алған сияқтымыз. Егер де техникалық

құжаттар, жұмыс барысы бойынша кемшіліктер болып жатса, оны алдағы арақатта қайталамауға ерекет етеміз. Техникалық сабақтар арқылы өзге де іс-шаралармен кеткен қателікті түзеуге жұмыстанамыз. Былтыр пандемияға байланысты шектеу шаралары күшейгендіктен көктемгі тексеріс станция бастықтары өзіміз жүргізген едік. Сондықтан биыл қазіргі елдегі эпидемиологиялық жағдайға орай санитарлық талаптар сақтала отырып дәстүрлі жағдайда өткізілді, – дейді Болашақ станциясының бастығы Мақсат Нұрбеков.

Станция бастығының сөзінше, Болашақтағы шекара қызметі, ветеринария, СЭС, кеден, станция жұмысшылары, т.т. отыратын әкімшілік ғимараттың кіреберісіне жарық түсіп, қауіп төндіріп тұрған болатын. Сол өткен жылдың соңында бұзылып, қайтадан салынып, пайдалануға берілді.

Еске сала кетейік, Болашақ жаңа станция болғандықтан ондағы ғимараттардың салынғанына он жылдың көлемі болды. Тек ағымдағы әрлеу-сырлау болмаса, әлі ешқайсысына күрделі жөндеу жасалған жоқ.

Суретті түсірген автор

Инфрақұрылым



Жамбыл жол дистанциясының қызмет көрсету аумағындағы теміржолдың жалпы эксплуатациялық ұзындығы 384,7 шақырымды құрайды. Мұның ішінде қос жолды 168 шақырым болса, бір жолды – 216,7 шақырым. Ал жолдардың жазылмалы ұзындығы 780 шақырымнан асса, негізгі жолдар 555 шақырымды құрайды.

ЖОЛ КҮТІМІ – ҚӨРСЕТКІШ АЙНАСЫ

Асхат РАЙҚҰЛ,
Жамбыл

Станциялық жолдардың ұзындығы – 215 шақырым, кірме жолдар 10 шақырымға жуықтайды. Бұдан бөлек, 79 шақырымды құрайтын 279 күрделі учаске бар. Бағытталы бұрмалардың саны 658 жиынтықты құрайды. Оның 138-і басты жолдарда орналасқан. Сонымен қатар 35 өткел бар, 11 өткел күзетіледі. 137 көпір көліктер мен жүк жүргіншілерге қызмет етіп тұр.

Дистанция басшысы Жүнісбек Табылдиевтің айтуынша, жол күтімі – көрсеткіш айнаса, дистанцияның еңбек өнімділігі де жолдың сапасы, жөндеу жұмыстарымен өлшенеді. «Мәселен, былтыр өңірдегі 42,164 шақырым жолды түрлі жөндеулерден өткіздік. Соның ішінде 27,4 шақырымдағы рельс тіректерін шаруашылық тәсілмен жаңартсақ, 12 шақырым жолды қарқынды көтермелі жөндеуден өткіздік. 2 шақырымнан астам жолдың ескі жарамды рельстерін ауыстырдық. Бұл шаруалар аймақтағы теміржолдың сапасын арттырып, пойыздардың жылдамдығын еселеуге септескені сөзсіз», – деді.

Дистанция басшысы жұмыс барысында кедергілер де болмай қоймайтынын жасырмады. Айталық, өткен жылы дистанция 16,3 шақырым жолдағы ескі жарамды материалдарды рельс тіректерін шаруашылық тәсілмен жаппай ауыстыруды жоспарлаған. Бірақ мұның орындалуы бар-жоғы 4 шақырымды ғана шамалаған. Әлбетте, бұл теміржолшылардың біліктілігіндегі немесе немқұрайдылығынан емес, кейде материалдың кешігіп жетуі, ауа райының қолайсыздығы сынды факторлар себеп болып жатады екен.

Күрделі жөндеу жұмыстары биыл да жалғасу үстінде. Ағымдағы жылдың соңына дейін 30 шақырым шойын жолдың шаруашылық тәсілмен рельс тіректерін жаппай ауыстыру көзделген. Қазіргі таңда бұл 8 шақырымнан астам жол табанын күрделі жөндеу жұмысы орындалып қойыпты.

«Ескі рельстердің ахуалы да үнемі назарда, бақылап отырамыз. Биыл 27 шақырымға жуық ескі рельстерді жаңғыртуды жоспарлап отырмыз. Бағытталы бұрмаларды ауыстыру бойынша 19 жиынтық әзір тұр. Жылдың соңына дейін бұл жұмыс та жүзеге асырылады», – деген Жүнісбек Табылдиевтің мәліметінше, соңғы үш айдағы жұмыс қорытындысына сәйкес, жалпы жолдың орташа бағасы 65 балды құрауы тиіс. Ал, нақты орындалуы 56 балл болған. Яғни, 115 пайызға орындалған. Былтырғы жоспар 66 балл болып, орындалуы 73 балл немесе 88 пайызды құраған екен.

Бұл өткен жылмен салыстырғанда жол бойындағы ақаулық көрсеткіштердің төмендегенін көрсетеді. Нақтылай айтатын болса, 2-ші дәрежелі ақаулар 1823-ке кемісе, 3-ші дәрежелі ақаулар 94-ке азайыпты. 4-ші дәрежелі ақаулар 4-ке, демек 11-ден 7-ге кеміп отыр. Ал қанағаттанарлықсыз жол 9 шақырымға азайыпты. Қазіргі таңда аймақта қанағаттанғысыз теміржол 5 шақырымға жуық.

Суретті түсірген автор

ЦИФРОВЫЕ РЕШЕНИЯ – РЕАЛЬНЫЙ РЕЗУЛЬТАТ



ТРАНСФОРМАЦИЯ

Финансовые выгоды АО «НК «КТЖ» по итогам реализации программы «Цифровая трансформация» в 2020 году достигли 26,242 миллиона тенге, при этом затраты на внедрение проектов удалось сократить практически вдвое к плану.



Любовь РОВБА,
Нур-Султан

– С 2019 года компания реализует 60 разных проектов и мероприятий программы модернизации «Цифровая трансформация». Программа является одним из ключевых инструментов реализации Стратегии развития АО «НК «КТЖ» до 2029 года и направлена на повышение операционной эффективности, стоимости и инвестиционной привлекательности компании, – отметил заместитель председателя правления по корпоративным вопросам и HR – СВТО Серик Абденов.

По итогам 2020 года завершены и переданы в операционную деятельность результаты проектов «Внедрение новой модели маркетинга и продаж KTZE и КТТ (Перезагрузка)», «Передача грузовых вагонов на сервисное обслуживание», а также «Внедрение ИТ-решений в области безопасности и охраны труда, промышленной и экологической безопасности в АО «НК «КТЖ» и «Внедрение мобильных диагностических средств в рамках АСУ «Магистраль». К слову, два последних признаны лучшими проектами 2020 года по группе компаний АО «Самрук-Қазына».

В рамках внедрения ИТ-решений в области безопасности и охраны труда, промышленной и экологической безопасности в АО «НК «КТЖ» запущена в эксплуатацию интегрированная система производственной безопасности, в которой зарегистрировано свыше 110 тысяч работников компании

(97% от общей численности). Выявлено более 11 тысяч нарушений, устранено свыше 6 тысяч нарушений, проведено более 6 тысяч диалогов безопасности и свыше 6,5 тысячи инспекций.

Благодаря проекту «Внедрение мобильных диагностических средств в рамках АСУ «Магистраль» ведется диагностика магистральной сети 6 единицами современных мобильных диагностических комплексов (МДК). С их помощью осуществляется ультразвуковая и магнитная дефектоскопия, контроль геометрических параметров профиля головки рельса, видеоконтроль состояния рельсов и креплений, контроль соблюдения габаритов приближения строений, георадиолокация и т. д. За 2020 год МДК промерено более 277 тысяч километров пути и обнаружено 1 630 опасных остродефектных рельсов.

Передача грузовых вагонов на сервисное обслуживание позволила сократить время нахождения вагонов АО «Қазтеміртран» в нерабочем парке из-за текущего отцепочного ремонта с 40 до 18 суток, а по причине отцепки в деповской ремонт – с 30 до 12 суток.

В рамках проекта «Внедрение новой модели маркетинга и продаж KTZE и КТТ (Перезагрузка)» в АО «KTZ Express» запущены в промышленную эксплуатацию CRM-система, контакт-центр, личный кабинет клиента, тарифный калькулятор и обновленный сайт. А в АО «Қазтеміртран» – личный кабинет и контакт-центр.

Одним из значимых достижений програм-

мы «Цифровая трансформация» в 2020 году стал запуск в Актобе Центра управления движением поездов Западного региона (пилот) с передислокацией управления диспетчерскими участками Мангистау, Атырау, Кызылорды, Уральска и Актобе. Центр обеспечивает централизованный контроль поездного положения и управление движением поездов с отображением всех данных на единое «коллективное табло». В результате процесс передачи и получения информации о показаниях светофоров, стрелочных переводов, приближении поезда будет автоматизирован.

Кроме того, в ходе реализации проекта «Управление запасами» решением правления АО «НК «КТЖ» в прошлом году разработана и утверждена Методика по управлению неустребованными ликвидными и неликвидными товарно-материальными запасами (НВЛ/НЛ). Разработана Программа сокращения неустребованных ликвидных и неликвидных ТМЗ АО «НК «КТЖ».

Говоря о достижениях программы за минувший год, стоит отметить, что мероприятие «Исключение оборота наличных денег из процесса перевозок грузов» позволило АО «КТЖ – Грузовые перевозки» исключить расчеты наличными деньгами за перевозку грузов и дополнительные сборы с грузоотправителями, грузополучателями, экспедиторскими организациями. А благодаря мероприятию «Аутсорсинг неосновных видов деятельности» сформированы и утверждены базовый перечень и план-график выведения в конкурентную среду отдельных видов деятельности некоторых структурных подразделений и дочерних организаций АО «НК «КТЖ». В конкурентную среду выведено 15 видов деятельности с численностью 1 832 работника.

При осуществлении проекта «Интегрированная система планирования (ИСП)» в 2020 году для ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» реализовано 90% системы ИСП, в которой рассчитана часть целевых показателей бизнес-плана АО «КТЖ – Грузовые перевозки» на 2021-2025 годы (грузооборот, объем, дальность, прогноз по грузным и порожним вагонопотокам). Наряду с этим разработана методология среднесрочного планирования для АО «Қазтеміртран» и функциональные требования к внедрению системы ИСП.

Реализация проекта «Автоматизированная система коммерческого учета электрической энергии» позволила по итогам 2020 года получить более 8,2 миллиарда тенге косвенных выгод за счет приобретения электроэнергии по оптовой цене. В рамках проекта «Внедрение новой модели управления данными» в постоянную эксплуатацию введена Автоматизированная система управления мастер-данными.

В целом по итогам 2020 года чистые выгоды АО «НК «КТЖ» от реализации проектов программы «Цифровая трансформация» достигли 19,991 миллиона тенге.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ВО ГЛАВЕ УГЛА

Лана ВЕРШИННА,
Караганда



АНТИКОРРУПЦИЯ

В филиале ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» состоялась тематическая онлайн-встреча по вопросам противодействия коррупции. В мероприятии приняли участие руководители структурных подразделений филиала и представители департамента по противодействию коррупции по Карагандинской области.

По словам директора филиала Марлена Кокрекбаева, вопросы, связанные с коррупцией, в ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» являются приоритетными.

– На предприятии существует строгая политика по борьбе с взяточничеством и нарушениями во всех ее формах, – отметил он. – К примеру, каждый понедельник в филиале и его линейных структурных подразделениях объявлен Антикоррупционным днем, на станциях и депо оформлены уголки, аншлаги, в которых размещены нормы антикоррупционного законодательства.


В целом, участниками мероприятия отмечена положительная динамика совместной работы филиала с представителем «Адал жол» в вопросах выявления рисков и пробелов в законодательных актах, регулирующих взаимоотношения перевозчика и клиента, исключающие коррупционные правонарушения. Так, в настоящее время вводится безбумажная технология по учету подачи и уборки вагонов, что позволит исключить заинтересованность и предпочтение тому или иному клиенту. Вместе с тем, отмечено, что подобные встречи способствуют повышению осведомленности работников в области антикоррупционного законодательства и формированию принципа нулевой терпимости к коррупции.

В свою очередь, преподаватель областного филиала Академии государственного управления при Президенте РК, член информационно-просветительского штаба по противодействию коррупции Алтынай Сулейменова отметила актуальность проводимой встречи в условиях, когда в ряд законодательных актов Казахстана, регулирующих вопросы противодействия коррупции, внесены изменения и дополнения.

– Необходимость в изменении данного правового акта вызвана пересмотром вопросов противодействия коррупции. Как показал опыт многих стран, в целях исключения коррупции должна преобладать профилактическая работа, – подчеркнула она. – Население страны должно понимать, как отрицательно влияет коррупция на нашу жизнь, и какие последствия наступят при нарушении антикоррупционного законодательства.

По итогам онлайн-встречи было отмечено, что в настоящий момент важны два принципа: во-первых, снижение коррупционных рисков, во-вторых, выработка доверия к государственным служащим.

РЕКА ХОРГОС ПОД КОНТРОЛЕМ



ПАВОДОК

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алтынколь

В целях защиты сооружений моста реки Хоргос и пропуска талых вод произведены берегоукрепительные работы. Со стороны станции Алтынколь на правом берегу специалистами выполнены работы по заливке бетонным раствором тела продольной защитной стенки и шапочно бруса протяженностью 620 метров. Уложен бутовый камень вдоль берегоукрепительной дамбы правого берега протяженностью 430 метров. На левом берегу реки, со стороны Китая, специалистами выполнена работа по заливке бетонным раствором тела продольно-защитной стенки протяженностью 584 метра.

Также выполнены все действия по заливке бетонным раствором тела шапочно бруса, уложены габионы вдоль поперечно-подпорной стенки железнодорожного моста.

Стоит напомнить, что железнодорожный мост через реку Хоргос построен в 2011 году, расположен на границе двух государств – Казахстана и Китая. Уникальное сооружение всегда остается в зоне риска, поэтому проводится целый комплекс мероприятий по укреплению моста в целях предотвращения возможных чрезвычайных ситуаций.

На сегодняшний день сформирован противоразмывной поезд на станции Алтынколь с необходимым запасом инвентаря и материалов, 4 – с железобетонными шпалами. Приведены в полную готовность транспорт-



ные средства (дрезины, автопогрузчик, 2 КамАЗа, бульдозер), создан аварийный запас ГСМ на случай возникновения нестандартных ситуаций в количестве 3 тонн дизельного топлива и бензина. Все локомотивные бригады, обслуживающие участок Жетыген – Алтынколь, ознакомлены с перечнем потенциально опасных мест. Плотины, водохранилища, находящиеся выше железнодорожного полотна, мосты – под контролем. Совместно с территориальными органами ИС, Казселзащиты области проводится обследование всех объектов, на вертолете делается облет горных массивов. Так, по металлическому мосту перегона Шарын – Таскарасу произведены укрепительные работы конусных частей

железобетонными блоками на устоях, укрепление берегов выше по течению правого берега. Очищено подмостовое русло реки Шарын от наносов песка и ила протяженностью 200 метров, произведено укрепление левого берега ниже по течению местным грунтом – 100 метров.

По словам и. о. начальника Алтынкольской дистанции пути Кайрата Аймбаева, неустойчивая погода, обильные дожди могут спровоцировать поднятие уровня воды в реке, а это чревато последствиями. Поэтому ежедневно проводится мониторинг паводковой ситуации.


Ситуация под контролем, на данный период объем воды реки Хоргас – 3-5 м³/сек.

Фото автора



ГЛАВНЫЕ ПОКАЗАТЕЛИ

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



ИТОГИ

В Костанайском отделении грузовых перевозок подвели итоги первого квартала текущего года по исполнению эксплуатационных показателей.

Как сообщил заместитель директора Костанайского отделения ГП по экономике Ильяс Исмаилов, по итогам работы за три месяца этого года выполнены к плану и улучшены к уровню прошлого года показатели использования вагонного парка и парка локомотивов. Основные фондообразующие показатели – грузооборот и погрузка – выполнены к плану на 100,2%, выгрузка вагонов – на 102,7%. Производительность локомотива выполнена к плану на 100,2%, порожний пробег вагонов – на 100,7%. Статнагрузка вагонов выполнена к плану на 101%, а к уровню прошлого года – на 100,5%.

– В целом же, мы продолжаем работать над улучшением наших эксплуатационных показателей. И надеемся, что получиться улучшить их и в дальнейшем, – отмечает Ильяс Исмаилов.

Фото автора



КӨМЕККЕ ЕРІКТИЛЕР КЕЛДІ

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей



Бүгінде Семей өңірі корона-вирус індетінің таралу деңгейі бойынша «жасыл аймақта» орналасқан. Әрине, ахуалдың ұшығып кетпеуі әуелгі кезекте жергілікті тұрғындардың өз қолында тұр. Дегенмен, Семей ЖТ бөлімшесі бойынша аурудың таралуының алдын алу бағытындағы жұмыстар үздіксіз жүргізілуде.

Атап айтсақ, оған жергілікті жастар ұйымының белсенділері ерекше күш салуда. Жастардың бастамасымен қолға алынған өткен жылғы шаралар биыл жаңа қырынан көрініс тауып жатыр. Семейдің ерікті жастары жуырда өңіріміздегі эпидемиологиялық ахуалды тұрақтандыру және індеттің алдын алу мақсатында қаламыздағы темір жол бекетінде жолаушылар тарапынан санитарлық талаптардың сақталуын қадағалап, тексерулер жүргізе бастады. Аталмыш шаралар барысында еріктілер жолаушылар пойыздары арқылы Алматы, Нұр-Сұлтан, Ақмола, Қарағанды облыстары сынды республикамыздың «қызыл аймақтарынан» келіп түскен жолаушылардың дене қызуын өлшеп, денсаулықтары мен жай-күйлеріне жіті назар аударып, кеңестер беріп, көмек көрсетуде.

Вокзал перрондарындағы еріктілер ұйымдастырған мұндай шараларға келіп түсіп жатқан жолаушылар да түсіністікпен қарап, көпшілігі алғыстарын білдіреді екен.

Жастар акция барысында жолаушыларға жалпы еліміздегі эпидемиологиялық ахуалдан да ықшам түрде хабарлар етіп, түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Барша қалалықтар мен қала қонақтарын, көпшілікті коронавирусы инфекциясын жұқтырмас үшін барлық қауіпсіздік талаптарын сақтауға, яғни әлеуметтік арақашықтықты сақтап, теміржол вокзалы, жолаушылар пойыздары тәрізді қоғамдық орындарда медициналық маска киіп жүруге шақыруда.

– Жалпы, жергілікті волонтерлер өткен жылы да еліміз бойынша орын алған төтенше жағдай кезінде ерекше белсенділікпен жұмыс істеген болатын. Олар мүмкіндігі шектеулі жандарға тегін маскалар таратты, жалғызбасты қариялар мен тұрмыстық жағдайы төмен отбасыларға қол ұшын созып, қайырымдылық шараларына атсалысты. Сондай-ақ вокзалдарда жолаушыларға індет кезінде маска тағудың басты міндет екенін түсіндіру үшін акциялар ұйымдастырдық, – дейді бұл ретте «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасы жанындағы жастар ісі жөніндегі кеңестің Семей ЖТ бөлімшесі бойынша аймақтық өкілі Аралым Қосанова.

Суретті түсірген автор

ЖИЗНЬ НА КОЛЕСАХ

Многим кажется, что профессия проводника не так сложна. Путешествуй себе по стране, общайся с разными людьми, получай яркие впечатления от поездки. На самом же деле его работа достаточно тяжелая – ненормированный рабочий график, недосып, постоянный контроль за соблюдением порядка и так далее. И это только малая часть обязанностей.



Жанара ЖУСУПОВА,
Павлодар

Павлодарские проводники рассказали, что самое главное в профессии – иметь крепкое здоровье. Большинство молодых людей выбирают этот профиль, потому что хотят посмотреть другие города, получить эмоции, пожить подальше от родного дома. Но вся эта романтика со временем уходит, уступая место

ответственной и тяжелой работе, которая испытывает на прочность. Города они не успевают посмотреть, даже если стоянка длительная, так как отлучаться от вагона нельзя.

– Легких профессий не бывает, и наша специальность не исключение. Помимо прямых обязанностей, мы выступаем как медики, психологи, воспитатели. Свой вагон от колесных пар до вентиляции и ламп освещения должны знать, как свои пять пальцев. Добавьте к этому

коммуникабельность, культуру и дипломатию общения, – рассказывает Татьяна Степанова, которая работает проводником вот уже 36 лет. – Мы должны встретить пассажиров, после убедиться, что они заняли свои места, обеспечить их постельным бельем, горячей водой. Проблемы, возникающие в пути, проводнику приходится решать максимально оперативно.

– Одна поездка в среднем длится четверо суток. К примеру, маршрут Павлодар – Сарыагаш. Днем ты прибываешь домой, а вечером снова в четырехсуточный рейс. По возвращении сдаешь вагон сменной бригаде и отдыхаешь восемь суток, – продолжает беседу проводник Азамат Смагулов.

Один вагон обслуживают два проводника, которые дежурят, сменяя друг друга через 12 часов. Пока один отдыхает в купе отдыха, второй следит за порядком, контролирует работу электроштитовой, где поддерживается жизнь всех систем вагона.

Сегодня вагонный парк станции Павлодар поэтапно обновляется, условия работы тоже изменены и улучшены, во время пандемии действовала дополнительная система поощрений. Но все же, профессия проводника была и остается тяжелой и ответственной. Железнодорожники говорят, что практически полжизни они проводят на колесах, но о выборе не жалеют.

Главное – любить то, чем занимаешься, остальное приложится, к тому же у человека всегда есть выбор, резюмирует проводники.

Фото автора

МАЛ МЕН ЖАННАН КЕДЕРГІ АЗ ЕМЕС...



Иелері қараусыз далаға жібере салған малдан теміржолға келер қауіп жоғары. Олар пойыз астына түсіп қана қоймай, келе жатқан жылжымалы құрамның қауіпсіздігіне нұқсан келтіреді. Материалдық шығынға батырып, пойыздың жүру кестесінен жаңылдырады.

Ұлан ОРАЗ,
Нұр-Сұлтан

Астана жол дистанциясы бұл бағытта профилактикалық жұмыс көп жүргізеді. Үшінші сәуірде Макинка – Елтай телімінің 312 км 3 пикетінде машинист Ведутов жолда жылқыны көріп оқыс тежеу берген. Бірақ бәрібір үлгермей қалып, малды басып кетеді. Оқиға орнына желілік тәртіп сақшылары келіп, акт толтырады, алайда мал иесін таба алмайды.

Бұдан бөлек малды баспай оқыс тежеу берген 5 жағдай тіркелді. Бұл оқиғалар наурыз бен сәуір айларында Макинка-Елтай, Еркіншілік-Едіге, Өндіріс-Төңкеріс, Қыркышы-Сарыоба, Ақкөл-Елтай телімінде болған. Бұлардың бәрінде де жолға жылқы үйірі шығып кеткен. Жол монтерлері қанша іздерісе де олардың иелерін таппай, ақыры Аршалы және Ерейментау аудандарының әкімдіктеріне хат жолдаған.

Енді теміржол өткелдеріндегі жағдайға келсек, жыл басынан бері өткелде апатты жағдайлардың екі рет алдын алу оқиғасы болды. Қаңтар айында Жайнақ Нұр-Сұлтан телімінің 805 км-дегі өткелде ақ түсті көлік



жабық тұрған шлагбаумды айналып өткен. Соның кесірінен №2786 жүк пойызы оқыс тежеу беруге мәжбүр болған. Бұл үлкен талқыға түсіп, қызметтік хат желілік тәртіп сақшыларына жіберілген. Екінші оқиға да қаңтарда болған. Нұр-Сұлтан станциясында ЭЦ-2 маңында маневрлік тәртіпте сағатына 9 км жылдамдықпен жұмыс істеп жатқан ВЛ-80С №1147 электровозы өткелге шығып қалған жеңіл автокөлік кесірінен оқыс тежеу

берген. Мұнда да екі көлік соқтығыспай аман қалған. Бұл жердегі өткел күзетілмейді, бірақ сигнализациясы мен жол белгілері толық бар.

Жолда адам қағу оқиғасы да жиі болады. Бірақ жыл басынан бері осы дистанция телімінде оқыс тежеу берудің арқасында пойыз машинистері 7 рет қауіпті жағдайда қалса да адам басауға жол бермеген. 7 қаңтарда Нұр-Сұлтан-Нұрлы жол аралында төртінші жолда 496 км 6 пикетте сағатына 51 км жылдамдықпен келе жатқан пойыз жолға адам шығып кетуіне байланысты оқыс тежеу берген. Өндірістік телім бастығы оқиға орнына жеткен кезде әлгі адам қашып кетеді. Бұдан соң 17 қаңтарда Қыркышы-ОП42 аралындағы 506 км 5 пикетте 43 км жылдамдықпен келе жатқан пойыз да бөтпе адам үшін оқыс тежеу беріп, бұл жолы да әлгі адам қашып үлгермеді.

Дистанцияның бас инженері Құрмет Боранбековтің айтуынша, темір жол арқылы мал айдап өтіп, мал жайғаны үшін азаматтарға 2 айлық, ал қызметтік тұлғаларға 10 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл салынады. Теміржолдың қоршаулары мен бойындығы беліктері және белгілеріне залал келтіргендер 5-10 АЕК көлемінде айыппұл төлейді. Мал теміржолдан 200 м алыс жерде жайылу керек. Ереже бойынша күзетілмейтін өткелде пойыздың жоқ екеніне көз жеткізілген соң, ал күзетілетін өткел кезекшісінен малды айдауға рұқсат берілген соң ғана малды айдап өтуге болады.

Суретті түсірген автор

ИСПРАВИТЬ СТАТИСТИКУ



Жителям станций Нур-Султан, Ерейментау и Державинск в ходе рейдовых профилактических мероприятий напомнили о правилах пересечения железнодорожного полотна.

Кирил МАКСИМОВ,
Нур-Султан

Цель таких рейдов – пресечение травматизма и экстренного торможения поездов из-за выхода на пути людей и безнадзорного домашнего скота.



Во время разъяснительных бесед с населением станций железнодорожники сделали обзор экстренных торможений поездов за первый квартал текущего года. Они проинформировали, что движущийся пассажирский или грузовой состав не может предотвратить наезд на внезапно выбежавшего на пути человека или животное. К тому же резкое торможение чревато сходом состава и необратимыми последствиями.

Совместно с сотрудниками линейных отделов полиции на станциях Нур-Султан, Ерейментау и Державинск работники железнодорожных организаций разъяснили гражданам положения административного законодательства КоАП РК, а также раздали буклеты с правилами безопасного перехода пути в установленных местах.

Стоит отметить, что профилактическая работа с жителями станций и разъездов ведется постоянно, однако факты травмирования людей и домашнего скота на пути продолжают пополнять печальную статистику.

Фото автора

НАША МИССИЯ – ВАША БЕЗОПАСНОСТЬ



Сотрудники линейного отдела полиции на станциях Павлодар и Екибастуз провели встречу с железнодорожниками, цель которой – предотвратить несчастные случаи на рабочем месте. Кроме этого, правоохранительные органы совместно с ВЖД организовали рейд по сельской местности.

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар

После послабления карантинных мер железнодорожники вернулись к обычному режиму работы. В первую очередь они возобновили совместные профилактические мероприятия. Во встрече приняли участие и работники контактной сети станции Майкаин села Кулаколь Екибастузского района. Стороны обсудили вопросы безопасности и прохода через железнодорожные пути, пропуска подвижного состава по территории железнодорожной станции.

Пройти по этим территориям разрешается только по специально установленным маршрутам, обозначенным соответствующими указателями и пешеходным переходам, специально оборудованным пешеходным мостам, тоннелям, настилам. Во время работы необходимо соблюдать требования знаков безопасности, видимых и звуковых сигналов, следить за передвижением подвижного состава и слушать объявления по громкоговорящей связи и сигналы оповещения.



Выхода на путь в месте перехода, следует предварительно убедиться в отсутствии движущегося по нему подвижного состава с обеих сторон.

Сотрудники ЛОП на станции Павлодар совместно с представителем военнизированной железнодорожной охраны стрелковой команды станции Екибастуз организовали рейд по населенным пунктам, расположенным вблизи железной дороги, еще раз рассказали о правилах безопасности.

Фото автора

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІР ЖОЛЫ
Бас редактор
Дина Муздубаева
Бас редактордың орынбасары
Меруерт Өмірзақова

ҚАЗКӨЛІККӘСІП

Газет басылатын қалалар:
Нұр-Сұлтан, Сілеті 30
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Ақтөбе, Смағұлов көш., 9/2.
«Хабар-Сервис» ЖШС
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22.
«ERNUR Print» ЖШС
Басылымның таралымы 20 000
Газет шығару және тарату қызметімен «Қазақстандық сапалық теміржол, автомобиль, ауе және су көлігі қызметкерлерінің кәсіби одағы» қоғамдық бірлестігі айналысады.

© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар:
Р. Рахметов, С. Бакесова

Меншікті тілшілер:
Алматы: Елена Қолдасбаева 8-701-794-98-80
Атырау: Қосыйым Мұқашев 8-778-946-09-66
Шымкент: Жаная Сыздықбай 8-707-390-17-18
Шығыс Қазақстан: Ольга Ушакова 8-777-203-51-87
Жамбыл: Асхат Райқұлов 8-700-330-01-53
Маңғыстау: Шахида Жұманова 8-707-886-72-45
Орал: Анна Паниченко 8-707-910-74-17
Қызылорда: Сабырхан Надірбаев 8-778-409-78-59
Семей: Қуаныш Қожаев 8-775-710-70-53
Қарағанды: Светлана Могай 8-777-893-66-76
Қостанай: Аслан Құдабаев 8-705-267-44-00
Павлодар: Айдана Ертай 8-747-535-21-58
Ақтөбе: Ардақ Ерубәева 8-702-843-27-97
Көкшетау: Надежда Новицкая 8-701-854-38-27

Редакцияның мекен-жайы:
Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 6.

Газетті тарату жөніндегі менеджер
Асель Распаева,
тел.: 8 775 198 15 61,
e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Ұлттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркеу куәлігі берілді.